

Бектемін
"Павлодар гуманитарлық – педагогикалық
колледжі" КеБМ басшысы
А. Рубцов

**«Павлодар гуманитарлық-педагогикалық колледжі»КеБМ
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт**

1. Осы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабына, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарын өзірлеу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға сәйкес өзірленді және қоғамдық қатынастардың келесі салаларында тыйым салу, шектеу және рұқсат беру жүйесін білдіреді:

1) Білім беру.

2. Қоғамдық қатынастардың оқшауланған саласында жұмыс істейтін адамдардың мінез-құлыш (іс-қимыл) қағидалары

2.1 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарымен қозғалатын салада жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыру кезінде:

1) Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің, Үкіметінің актілерін, өзге де нормативтік құқықтық актілерді, орталық атқарушы органдар басшыларының бүйрықтарын, сондай-ақ колледж жарғысын басшылыққа алу;

2) Қазақстан халқының бірлігі мен елдегі ұлттаралық келісімді нығайтуға ықпал етуге, мемлекеттік тілге және басқа тілдерге, Қазақстан халқының салт-дәстүрлеріне құрметпен қарауға;

3) Жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қозғайтын шешімдерді қабылдаудың ашықтығын қамтамасыз етуге, жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін заңнамада белгіленген тәртіппен және мерзімдерде өз құзыреті шеңберінде қарауға;

4) өзінің іс-әрекетімен және мінез-құлқымен қоғам тарапынан айтылатын сынға себепкер болмауға, сынағаны үшін қудалауға жол бермеуге, орынды сынды кемшіліктерді жою мен өзінің қызметін жақсарту үшін пайдалануға міндетті;

5) жеке сипаттағы мәселелерді шешу кезінде мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, мемлекеттік және азаматтық қызметшілер мен өзге де адамдардың қызметіне ықпал ету үшін өзінің қызметтік жағдайын пайдаланбауға тиіс;

6) мұліктік және мұліктік емес игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында таратылуға жатпайтын қызметтік және өзге де ақпаратты пайдаланбауға тиіс;

7) шындыққа сәйкес келмейтін мәліметтерді таратпауға міндетті.

2.2 Өз құзыреті шенберінде басқарушылық және өзге де шешімдерді дайындау және қабылдау кезінде:

- 1) тікелей немесе тікелей басшыға мүдделер қақтығысының туындағаны, қызметтік міндеттерді орындау кезінде жеке қызығушылық туралы, сыйбайлас жемқорлық мінезд-құлыққа және сыйлықтар алуға көндіру туралы баяндау;
- 2) лауазымдық міндеттерді орындау кезінде жеке және пайдакүнемдік мүдделерді басшылыққа алмауға міндетті;
- 3) өзара қарым-қатынастардың белгіленген тәртібін бұзатын, олардың бейтарап қызметтік шешім қабылдауына ықпал етуі мүмкін заңсыз өтініштермен әріптерестері мен басшыларына жүгінуден аулақ болуға міндетті;
- 4) әріптереге, басшыларға және өзге де лауазымды тұлғаларға сыйлықтар бермеуге және лауазымдық өкілеттіктерді пайдалана отырып, мұліктік пайда, игіліктер не артықшылықтар алу үшін қызметтік емес қызметтер көрсетпеуге;
- 5) басқа адамдарды сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға көндіреуге және ынталандырмауға тиіс;
- 6) лауазымдық өкілеттіктерін атқаруына байланысты сыйлықтар қабылдамауға міндетті;
- 7) Егер лауазым жақын туыстық (ата-анасы, жұбайы, аға-інілдері, апа-сінлілері, балалары) қатынастарда тұрған адамдарға тікелей бағыныстылыққа немесе олардың бақылауына байланысты болса, оны тағайындаудан бас тартуға құқылы);
- 8) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы белсенділік таныту;
- 9) белгілі болған сыйбайлас жемқорлық фактілері туралы, сондай-ақ материалдарды тездептіп қараганы немесе әуре-сарсанға салғаны үшін қандай да бір пайда алуға бейімділігі туралы басшылыққа дереу баяндауға міндетті;
- 10) тікелей басшыға орындау үшін алынған өкімнің заңдылығына күмәнданғаны туралы жазбаша нысанда дереу хабарлауға міндетті;
- 11) егер тікелей басшының өзі мүдделер қақтығысына тартылған болса, жоғары тұрған басшыға жүгіну қажет;
- 12) әріптерінен жоғары құқықтық және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті сақтауды талап ету және қолдау;
- 13) ықтимал мүдделер қақтығысының, сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың себептері мен жағдайларын жою бойынша тұрақты негізде шаралар қабылдау және олардың салдарын;
- 14) кірістер алумен байланысты кәсіпкерлік және өзге де қызметті жүзеге асыруда біреуге көмек көрсетуден бас тартуға құқылы;
- 15) үшінші тұлғалардың мүдделерін білдіруден немесе қамқорлық жасаудан, сондай-ақ олардың атынан іс-әрекеттер жасаудан аулақ болу.

2.3 Қызметкерлерді іріктеу және орналастыру бойынша кадрлық жұмысты үйімдастыру кезінде колледж басшылары мен лауазымды тұлғаларына төмендегілер ұсынылады:

- 1) тағайындау материалдарын қараудың белгіленген мерзімдерін сақтауға міндетті;
- 2) меритократия қағидатын басшылыққа алу, туыстық, жерлестік және жеке

басына берілгендейік белгілері бойынша кадрларды іріктеу және орналастыру жағдайларына жол бермеу;

3) колледжге жұмысқа қабылдау кезінде лауазымды адамдарға жүктелетін негізгі міндеттерді, тыйымдар мен шектеулерді түсіндіруге міндетті;

4) кадрларды іріктеу кезінде Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтауға міндетті;

5) қызметкерлердің дербес деректері туралы мәліметтерді негіzsіз беруге жол бермеу;

6) колледжге жұмысқа орналасу кезінде үміткерлерден еңбек шартын жасасу үшін қатысы жоқ құжаттарды талап етпеуге; ;

7) колледж қызметкерлеріне қатысты қызметтік тексеруді объективті және жанжақты жүргізу.

2.4 Басшының бағынышты қызметкерлермен қарым-қатынастағы төмендегілер ұсынылады:

1) өзінің мінез-құлқымен бейтараптықтың, әділдіктің, риясыздықтың, адалдықтың және сатылмаушылықтың үлгісі болуга тиіс;

2) кадр мәселелерін шешу кезінде меритократия қагидаттарын сақтауды қамтамасыз етуге, туыстық, жерлестік және жеке басына берілгендейік белгілері бойынша артықшылық көрсетпеуге міндетті;

3) олардың қызметінің нәтижелерін бағалау кезінде, сондай-ақ көтермеленеу және жазалау шараларын қолдану кезінде әділдік пен объективтілік танытуға міндетті;

4) қызметтік емес сипаттағы мәселелерді шешу кезінде олардың қызметіне ықпал ету үшін өзінің қызметтік жағдайын пайдаланбауға тиіс;

5) құқыққа қарсы әрекеттер жасауға, сондай-ақ жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормаларға сыйыспайтын әрекеттер жасауға мәжбүрлемеуге;

6) қарамағындағы лауазымды тұлғалар арасында еңбек жүктемесін біркелкі бөлмеуге жол бермеу;

7) нақты орындалмайтын немесе олардың лауазымдық міндеттерінен тыс, сондай-ақ заңнамага қайшы келетін өкімдер бермеуге міндетті.

2.5 Басшыларымен қарым-қатынаста бағыныштыларға төмендегілер ұсынылады:

1) Тапсырмаларды орындау кезінде тек объективті және анық мәліметтер беруге, басқа да қызметкерлер, контрагенттер немесе өзге де тұлғалар әрекеттерінде сыйбайлас жемқорлық туралы өздеріне мәлім болған жағдайларда басшылықты дереу хабардар етуге міндетті;

2) басшылыққа қатысты жеке берілгендейікке, олардың лауазымдық мүмкіндіктері есебінен пайда мен артықшылықтар алуға үмтүлуға жол бермеуге міндетті.

2.6 Педагогикалық қызметкерлер мен өзге де қызметкерлердің колледж білім алушыларымен өзара қарым-қатынасы кезінде төмендегілер ұсынылады:

- 1) сөйлеу мәдениетін сақтауға, балалардың, ата-аналардың (занды өкілдердің), басқа да бөгде адамдардың қатысуымен дөрекі сөйлеуге, күш қолдануға жол бермеуге міндettі;
- 2) жалғастырумен сыйыспайтын азғындық әрекеттер жасамауға;
- 3) балалардың өз ата-аналары туралы айтқан пікірін немесе пікірін жария етпеуге міндettі ;
- 4) педагог қызметкерлердің білім алушылармен қарым-қатынасына және олардың бағасына олардың ата-аналарының жеке өзіне не колледжге көрсететін қолдауы әсер етпеуі тиіс;
- 5) үлгерімнің жоғары бағасын алуға әсер ететін білім алушылардан жеке мұліктік пайда, игіліктер сатып алу бойынша іс-әрекеттер жасамауға міндettі;
- 6) білім алушылар мен ата-аналардан (занды өкілдерден) кез келген сылтаумен ақшалай қаражат жинауды жүзеге асырмауға міндettі.

2.7 Өмір сұру саласының ерекшелігіне байланысты туындастын басқа қатынастар кезінде:

- 1) жалпы қабылданған моральдық-әдептілік нормаларын сақтауға міндettі;
- 2) еңбек тәртібін және қызметтік әдепті сақтауға міндettі;
- 3) білім беру, дене шынықтыру және спорт салаларындағы мемлекет мұддесіне зиян келтіретін, сондай-ақ колледж қызметінің тиімділігіне кедергі жасайтын немесе төмендететін іс-әрекеттерге қарсы тұру;
- 4) жақын туыстарының, жұбайлары (зайыптары) мен жекжаттарының бірге қызмет (жұмыс) істеуіне жол бермеу;
- 5) әріптестердің өздерінің лауазымдық міндettтерін орындауы барысында туындаған мұдделер қақтығысын реттеу жөніндегі түбекейлі шараларды уақтылы қабылдауға міндettі;
- 6) Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша түбекейлі шаралар қабылдау;
- 7) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою, оның ішінде қарамағындағылармен;
- 8) жоғары тұрған не төмен тұрған не қызметі немесе жұмысы бойынша өзімен өзгеше тәуелділікте болатын лауазымды адаммен ақшалай немесе өзге де мұліктік сипаттағы құмар ойындарға қатыспауға;
- 9) қызметтік емес немесе жеке тапсырмаларды орындау үшін қарамағындағы қызметкерлерді тартуға жол бермеу